

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 161-қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 119-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 тамызда № 6909 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 637 қаулысына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 161-қ қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6000 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ОРАЗБАЕВ

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Қызылорда облысының
полиция департаменті Арал ауданының
полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесімен*

Арал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "29"
тамыздағы № 119-қ қаулысына қосымша
Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "10"
казандағы № 161-қ қаулысына қосымша

Арал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Арал ауданы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министірлігі Қызылорда облысының полиция департаменті Арал ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Полиция бөлімі) енгізеді.

4. Комиссияның құрамына аудандық жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, полиция бөлімінің өкілдері енгізіледі.

5. Комиссия қабылдаған шешім –көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес полиция бөлімі бастығының бұйрығы - көтермелеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

6. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын полиция бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

7. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермеленетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

8. Ақшалай сыйақыны төлеуді көтермелеуге ұсыныс енгізген полиция бөлімі облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.